

А. Битимбаева, 1-курс

Ғылыми жетекші — Ж. А. Исакова, жалпы құқықтық және арнайы пәндер кафедрасының аға оқытушысы, құқықтану магистрі

(Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті)

ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ АЛДЫНАЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі — балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдыналу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу.

Бесіктен белі шықпай жатып, әрбір оғаш қадамына селт етпей сергек қараған жасөспірімдердің қылмыстық әрекетке баруына байланысты себеп не? Кім кінәлі? Қоршаған орта ма? Әлде мектеп пе? Әлде ата-ана ма?

Қылмыстың алдын алудың бірден-бір жолы — оқушылардың мектептен тыс уақытта қосымша біліммен қамтылуын дұрыс ұйымдастыру.

Жалпы, құқық тәртібін бұзуға бейім балалар қайдан шығады? Жасыратыны жоқ, қоғамдық тәртіпті бұзған, қылмыс жасаған, сөйтіп ішкі істер бөлімдерінде есепте тұрған балалардың басым бөлігі жайсыз отбасылардан шығады. Ал енді бір тобы кейбір ата-аналардың бала тағдырына алаңдамауынан, оларды өз беттерінше қалдырып, мектептен тыс уақыттарында немен айналысып жүргендерін қадағаламауынан пайда болады. Сондықтан тәртібі нашар, ішкі істер органдарында есепте тұрған оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізуден жалықпау керек сияқты.

«Ел болам десең, бесігіңді түзе» деп атамыз қазақ айтқандай, бүгінгі жастар еліміздің болашағы. Жастар қоғамымыздың жүрек дүрсілі, өзегі. Сондықтан да білім алушы жастар Отанға деген сүйіспеншілік патриотизм, танымының заңдылықтарын игеру тиіс. Осыған орай ел президенті Н. Ә. Назарбаев «Бұл дүниеде біздің Отанымыз бар, ол біздің — тәуелсіз Қазақстан». Жастар туған мемлекетімізді баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне қызмет етуге парыздар. Ол үшін әрбір жас еліміздің тұтастығын, жеріміздің бүтіндігін, халқымыздың жарастығын аман сақтай білу қаншалықты үлкен тарихи жауапкершілік екенін жан жақты сезіну керек» — деген едіⁱ.

Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың көбеюіне ең біріншіден ата-ана кінәлі. Жанұядағы жағымсыз жағдайлар мен орын алатын түсініспеушіліктер бала психологиясына залалын тигізері заңды құбылыс. Қараусыз балалардың мәселесі де бөлек әңгіме. Ғаламтордың кері әсерін атамаса, тағы болмайды.

Мектеп психологтарының жұмысын да күшейту қажет. Бір сөзбен айтқанда, бұл өте маңызды мәселелердің біріⁱⁱ.

Мектептердің маңызды міндеттерінің бірі-оқушылардың қоғамға жат көзқарастары мен қылықтарының қалыптаса бастағанын неғұрлым ертерек тани білу. Құқықтың негізгі қағидалары жақсылық пен жамандық, шыншылдық пен әділдік категорияларымен байланысты. Ендеше әр адам бала кезден не істеуге болады, не істеуге болмайды? дегенді

біліп өсу керек. Құқықтық тәрбиені жаңа деңгейге көтеріп, оның ғылыми-әдістемелік негіздерін жасау — кезек күттірмейтін іс. Мектептегі оқу үрдісінде құқық негіздерін меңгеру мен құқықтық мәдениетті қалыптастырудың бірнеше кезеңдерін енгізу керек:

- педагогикалық қызметкерлердің дайындығы;
- ата-аналардың педагогикалық-психологиялық құзырлығы;
- білім беру ұйымында психолог маманның болуы және әрбір оқушылармен тығыз қарым-қатынас қалыптастыру.

Оқушылардың құқықтық білімдерін тексере отырып заң алдындағы жауапкершіліктерін арттыру, жасөспірімдердің қылмыстылығының қылмыстық сипаттамасын беру, қылмыстық жауапкершіліктің түрлерімен таныстыру. Қазақстан Республикасының Конституциясы баптарын біліп, құрметтей білуге үйрету, адамгершілікке, ұлтжандылыққа, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу; ойлау, тыңдау, сөйлеу мәдениетін дамыту, қабілеттерін шыңдау.

Жанұядағы тәрбие жұмыстарынан кеткен қателіктер, кемшіліктер, жинақталып келіп қоғамдық тәрбиедегі қателіктерімен байланысып, жасөспірімдердің тәртібін одан әрі шиленістіре береді. Жасөспірімнің қылмыс жасауын болдырмау үшін қазақ отбасына тән өзіндік ерекшеліктерінің маңызы зор: отбасы мүшелері арасындағы ізгілік қатынастар; үлкенге деген құрмет; кішіге деген ілтипат; жасөспірімнің тұлғалық дамуына олардың жас ерекшеліктеріне байланысты қатынас; әулеттегі жақсы дәстүрді үлгі ету арқылы бала қасиетін аша білу; күнделікті тұрмыс-тіршілікке бейімдеу және т. б.

Қазіргі таңда балаларға ақпараттың шектеусіз әрі бақылаусыз берілуі олардың сана-сезіміне кері әсерін тигізіп, жастар мен жасөспірімдер арасында түрлі келеңсіз іс-әрекеттердің көбеюіне әкеліп соқтыруда. Сондықтан да, балалар мен жасөспірімдер арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың, суицидтік әрекеттерді болдырмау және алдынала бағытындағы жұмыстарға басты назардың аударылуы заңдыⁱⁱ.

ⁱ Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Нұрлы жол — болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауы // www.akorda.kz

ⁱⁱ Электронды ресурстар: kazorta.org/k-meletke-tolma-andardy-ylmysty-zhauapkershi